

Қазақстан Республикасындағы көлік туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі N 156 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Кіріспе алып тасталды – ҚР 24.06.2026 № 324-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "почтаны", "почтаның" деген сөздер тиісінше "почта жөнелтілімдерін", "почта жөнелтілімдерінің" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 596 Заңымен, мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылды - 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

1 бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жеңіл рельсті көлік – жеке бөлінген жолдар бойынша жолаушыларды және багажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын және метрополитен мен темір жолға қарағанда габариттерінің, жүк көтергіштігінің және қатынас жылдамдығының аздығымен сипатталатын қалалық рельстік көлік түрі;

1-1) жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдау – тарифтердің қолжетімді деңгейін және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін жүріп-тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын жолаушыларды тасымалдау;

1-2) аралас тасымал – бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатымен (бірыңғай коносаментпен) көліктің екі немесе одан да көп түрімен тасымалдау;

1-3) аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты – аралас тасымалдар операторы мен әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдаушылар арасында жасалған шарт;

1-4) аралас тасымалдар операторы – аралас тасымалды ұйымдастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

1-5) аралас тасымалдар шарты – аралас тасымалды жүзеге асыру үшін аралас тасымалдар операторы мен клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) арасында жасалған шарт;

1-6) алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-7) әскери жолаушылар – әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысының тізбесімен айқындалған адамдар;

1-8) әскери жүктер – уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тасымалданатын қару-жарақтың, әскери техниканың, оқ-дәрінің және басқа да материалдық-техникалық мүліктің барлық түрі;

1-9) әскери тариф – әскери жүктерді республикаішілік тасымалдауға қолданылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілетін тариф;

1-10) әскери тасымалдар – уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен меншік нысандарына қарамастан тасымалдаушылар орындайтын, әскерлерді, әскери жүктерді және әскери жолаушыларды тасымалдау;

1-11) бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) – жүкті межелі пунктке дейін жеткізу үшін аралас тасымалдар операторының жүкті өз иелігіне қабылдағанын куәландыратын құжат;

2) клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) – тасымалдаушымен жасалған шартқа сәйкес, ал аралас тасымалдар кезінде жасалған аралас тасымалдар шартына сәйкес көлікті пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

3) көлік инфрақұрылымы объектілері теміржол, трамвай, жеңілрельс, монорельс және ішкі су жолдарын, автомобиль жолдарын, тоннельдерді, эстакадаларды, көпірлерді, вокзалдар мен станцияларды, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін, метрополитен желілерін, порттарды, порттағы құралдарды, кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді), әуеайлақтарды, әуежайларды, көлік-логистика орталықтарын, байланыс, навигация және көлік құралдарының жүрісін басқару жүйелерінің объектілерін, магистральдық құбыржолдарды, сондай-ақ көлік кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ғимараттарды, құрылыстарды, құрылғылар мен жабдықтарды қамтитын технологиялық кешен;

4) көлік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайтын, жүктерді, жолаушыларды, багажды тасымалдау, көлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлға;

5) көліктік логистика – тасымалдың (тасымалдаудың) әрбір кезеңінде жүктер қозғалысының мониторингін қамтитын, әртүрлі көлік түрлерін (теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе) пайдалана отырып, оңтайлы маршрут бойынша жүк жөнелтушіден (өндірушіден) жүк алушыға дейінгі тасымалды (тасымалдауды) жоспарлау және басқару жөніндегі тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара байланысты іс-қимылдарының жиынтығы;

5-1) көлік-логистика орталығы бұл құрылыстар орналастырылған арнайы бөлінген учаскені қамтитын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік және шекаралық операцияларды қоса алғанда, тасымалдаумен қатар жүргізілетін, жүктермен

және көлік құралдарымен жасалатын дайындау, бөлу және қорытындылау технологиялық операцияларын орындауға, оның ішінде қарап-тексеруге арналған көлік инфрақұрылымы объектісі;

5-2) қадағалау объектісі – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын тауарлар (өнімдер) мен көлік құралдары;

6) Қазақстан Республикасының көлігі – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе көлігі, қалалық рельстік көлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық құбыр көлігі;

7) қалалық рельсті көлік – қала шекарасындағы және қала маңы аймағындағы жолдармен жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік түрі (метрополитен, трамвай, жеңіл рельсті, монорельсті көлік);

8) метрополитен – көліктің өзге түрлерінің желілерінен және жаяу жүргіншілердің оларға өту жолынан оқшауланған (бөлінген, бір деңгейдегі қиылыстары жоқ) жолдар бойынша жолаушылар мен бағажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын қалалық рельстік көлік түрі;

8-1) навигациялық пломба – пломбалау элементі мен электрондық блоктан тұратын, навигациялық спутниктік жүйелер технологиялары негізінде жұмыс істейтін және қадағалау объектісіне қатысы бар ақпаратты беруді қамтамасыз ететін, Еуразиялық экономикалық одақ құқығында белгіленген талаптарға жауап беретін техникалық құрылғы;

8-2) навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау – навигациялық пломбаны іске қосуды, қадағалау объектісін бақылап отыруды, навигациялық пломбаны істен шығаруды және қадағалау объектісін бақылап отыру процесінде алынған деректерді беруді қамтитын процесс;

8-3) пилотсыз көлік жүйесі – пилотсыз көлік құралын және оны қауіпсіз әрі тиімді пайдалану үшін қажетті пилотсыз көлік құралымен байланысты элементтерді (байланыс арналарын және пилотсыз көлік құралын басқаратын құрауыштарды қоса алғанда) қамтитын көлік жүйесі;

8-4) пилотсыз көлік құралдарын пайдалану аймағы – шегінде пилотсыз көлік құралдары пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының аумағындағы белгіленген мөлшердегі жерүсті кеңістігінің бір бөлігі (жеңіл рельсті көлік эстакадасы);

8-5) пилотсыз көлік құралы – автоматтандырылған техникалық басқару құралдарымен жарақтандырылған, жеке адамның қатысуынсыз пайдаланылатын көлік құралы (пилотсыз авиациялық жүйені қоспағанда);

8-6) пилотсыз көлік құралының қашықтағы операторы – пилотсыз көлік құралы қозғалысының кез келген кезеңінде оны басқаруды қабылдауға құқылы жеке адам;

8-7) тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесі – навигациялық спутниктік жүйелердің технологиялары мен навигациялық пломба негізінде жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенді қамтитын цифрлық жүйе;

8-8) тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы – навигациялық пломбаларды пайдаланып, тасымалдарды қадағалауды қамтамасыз ететін заңды тұлға;

9) тасымалдаушы – ақыға немесе жалданып жолаушыларды, багажды, жүктерді және почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін және осыған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралын иеленуші жеке немесе заңды тұлға;

10) алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) уәкілетті мемлекеттік орган – көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Осы Заңда пайдаланылатын өзге де ұғымдар навигациялық пломбаларды пайдаланып, тасымалдарды қадағалау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын мағынада қолданылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.11.2014 № 249-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Көлік туралы заңдар

Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Труба-құбыр көлігі қызметіне байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен реттеледі.

Тасымалдау шарттары, көлік құралдарын пайдалану, адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін көлік құралдары мен олардың өмірлік циклінің процестерін техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздікті (бұдан әрі - қауіпсіздік) қамтамасыз ету тәртібі тиісті көлік түрлерінде қолданылатын, белгіленген тәртіппен бекітілетін және көлік қатынастарының барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылатын нормативтік актілерде айқындалады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.28. № 3380; 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.12.29. № 209 Заңдарымен.

2-1-бап. Көліктік логистика қағидаттары

Көліктік логистика қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану;
- 3) қауіпсіздік;
- 4) сақталу;
- 5) рәсімдердің тұтастығы;
- 6) тең қолжетімділік;
- 7) жаһандық көлік-логистика жүйесіне кірігу.

Ескерту. 1-бөлім 2-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-2-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы көлігінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық қызметінің негіздерін айқындау.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен жүргізу;

2) экономика мен халықтың тасымалдарға, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарына және олармен байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

3) көлік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

4) тасымалдаудың бүкіл кезеңінде жүктердің, багаждың және пошта жөнелтілімдерінің сақталуы;

5) Қазақстан Республикасының көлік кешенінің жұмысын үйлестіру және қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру;

6) қатынас жолдарын техникалық жабуды ұйымдастыру.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану;

3) тасымалдардың қауіпсіздігі және техникалық талаптар мен пайдалану талаптарының сақталуы;

4) көлік қатынастарына барлық қатысушының теңдігі;

5) жаһандық көлік-логистика жүйесіне кірігу.

Ескерту. 2-2-баппен толықтырылды – ҚР 24.06.2026 № 324-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Көлік құралдарына меншік туралы

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылғандарды қоспағанда), кеме жүретін су жолдары, шамшырақтар, кемелердің қауіпсіз жүрісін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, шлюздер, әуе қозғалысын басқару органдарының аэронавигациялық құрылғылары, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты инженерлік желілер, сондай-ақ метрополитен мемлекет меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының аэронавигациялық құрылғылары мемлекет меншігі болып табылады, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жеке меншікте болуы мүмкін.

Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттары жекешелендіруге жатпайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен

ұлттық басқарушы холдингінің, ұлттық холдингінің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге берілуі мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерді қоспағанда, кірме жолдар мен тар табанды желілер, сондай-ақ автомобиль жолдары мемлекет меншігінде де, жеке меншікте де болуы мүмкін.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Көлік жерлері. Көлік мұқтажы үшін жерлер мен суларды беру тәртібі

Республикадағы көлік жерлері болып:

- жерді пайдаланушыларға көлік объектілеріне деп бөлінген жерлер;
- жолдар мен желілерді салуды және пайдалануға беруді жүзеге асыратын көлік, жол және басқа ұйымдарға бөлінген көлік жолдары мен желілеріне арналған жерлер танылады.

Көлікке жер бөлу мен су көлігіне суларды беру кезінде туындайтын жер және су қатынастары, оларды пайдаланудың тәртібі жер, су және көлік заңдарымен реттеледі.

Опырылып құлауға, көшкіндеуге, су шайып кетуге, сел тасқыны болуға және басқа қатерлі табиғи құбылыстар әсерлеріне бейім аудандардағы көлік құрылыстарының және басқа объектілерінің сенімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында қорғау аймақтар белгіленеді.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар өздеріне берілген жерлерді оларды беру мақсаттары мен шарттарына сәйкес пайдалануға, өндірістің табиғат қорғау технологияларын қолдануға және аумақта өз қызметі салдарынан экологиялық ахуалдың нашарлауына жол бермеуге міндетті.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338 Заңымен.

2 бөлім. Көлік қызметін мемлекеттік реттеу мен басқару жүйесі

5-бап. Көлік қызметін мемлекеттік реттеу

Көлік қызметін мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, техникалық реттеу, салық салу, несие беру, қаржыландыру және баға белгілеу, инвестициялық, біртұтас әлеуметтік және ғылыми-техникалық саясат жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарын көлік кәсіпорындарының орындауына бақылау және қадағалау жасау жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге реттерде мемлекеттік органдардың көлік кәсіпорындарының шаруашылық қызметіне араласуына, сондай-ақ көлік кәсіпорындарының пайдалану қызметкерлерін басқа жұмыстарға қатыстыруға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайларды жою мақсатында мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қарауындағы теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су және әуе көлігін пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Уәкілетті мемлекеттік орган меншік нысандарына қарамастан тасымалдаушылардың әскери тасымалдарды орындау және ресімдеу қағидаларын, оның ішінде көлік түрлеріне әскери тарифтерді қолдану тәртібін әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Көлікті мемлекеттік басқару

Көлікті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен Ережеге сәйкес іс-әрекет жасайтын уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338 Заңымен, 2004.07.09 № 596 Заңымен, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 324-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау

1. Навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған

халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Навигациялық пломбаларды салу және алып тастау орындары, навигациялық пломбаларды салатын (алып тастайтын) және осындай салу (алып тастау) кезінде қатысатын адамдар, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында навигациялық пломбаларды салу (алып тастау) жөніндегі операциялар және навигациялық пломбаларды пайдаланып қадағалауды жүзеге асыру кезінде құжаттарды (мәліметтерді) беру тәртібін қоса алғанда, оларды жасау тәртібі, осындай құжаттарды (мәліметтерді) сақтау, сондай-ақ навигациялық пломбаға бұрын жазылған ақпаратты жою (өшіру) тәртібі Еуразиялық экономикалық одақ құқығында не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Навигациялық пломбалардың сақталуын навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды жүзеге асыратын тасымалдаушылар қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-2-бап. Тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы

Ескерту. 6-2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды және ол арнаулы құқық субъектісі болып табылады.

2. Тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің жұмысын тұрақты негізде тәулігіне жиырма төрт сағат бойы, аптасына жеті күн қамтамасыз етеді.

3. Тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінде мәліметтер мен ақпараттың бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді. Көрсетілген сақтау мерзімі тасымалдарды қадағалау кезінде пайдаланылған навигациялық пломба істен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы мен тасымалдаушының, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау кезіндегі өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарттық негізде жүзеге асырылады.

6. Тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы мен кеден ісі саласындағы уәкілетті орган арасындағы навигациялық пломбаларды пайдаланып тасымалдарды қадағалау кезіндегі өзара іс-қимылды (ақпараттық іс-қимылды қоса алғанда) жүзеге асыру тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 6-2-баппен толықтырылды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Көлік қызметін лицензиялау

Көліктегі лицензиялануға тиіс қызмет түрлерінің тізбесі заң актілерімен белгіленеді

Ескерту. 7-бап жана редакцияда - ҚР 1998.12.28 № 338 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың көлік саласындағы өкілеттігі

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың көлік саласындағы өкілеттігі "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жолаушылар көлігінің республикаішілік тұрақты маршруттарында жолаушыларды тасымалдауларды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушылар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, тиісті тасымалдауларды ұйымдастырған жергілікті атқарушы органдармен немесе олар уәкілеттік берген органдармен осы маршруттарға қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасуы тиіс.

Қалалық рельсті көлікпен жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдауды ұйымдастыруды қалалық рельсті көлік орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3 бөлім. Көлік қызметінің негізгі ережелері

9-бап. Экономикалық және шаруашылық қызмет негіздері

Көлікте экономикалық және шаруашылық қатынастардың негізін көлік қызметтерінің сұраныс және ұсыныстар нарқы қалыптастырады.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар өз қызметін коммерциялық негізде жүзеге асырады.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар жоспарды дербес әзірлейді, клиент қажеттеріне сәйкес жұмыстар мен қызметтерді орындауға шарттар жасасады.

Рентабельділігі қолданыстағы реттелетін тарифтермен қамтамасыз етілмейтін жолаушылар тасымалын ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдаған мемлекеттік органдар тасымалдаушылар залалдарын немесе шығыстарын субсидиялады Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

Қалалық рельсті көлік болған кезде жергілікті атқарушы орган Қалалық рельсті көлікпен жолаушылар тасымалдауды субсидиялау қағидаларын бекітеді.

Республикалық маңызы бар қалада, астанада қалалық рельсті көлікті мемлекет кепілдігімен тартылған қарыздар есебінен дамыту кезінде көлік кәсіпорнының осы қарызды өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

Жеңіл рельсті көлікпен жолаушыларды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметті ұсыну жергілікті атқарушы орган мен астананың көліктік инфрақұрылым объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компания арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Кеме жолдарын, шлюздерді, кеме қатынасының қауіпсіздігін қадағалайтын инспекцияларды ұстау бюджет қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекет кемежайларын, магистралдық темір жол желісін пайдаланғаны үшін, әуе кеңістігінде ұшуды басқару мен аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдердің заңды және жеке тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде төлемдер төлейді.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28. № 338 Заңымен, 2001.12.15. № 272 Заңымен, 2001.12.24. № 276 Заңымен, 2004.07.09. № 596 Заңымен, 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 № 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 494-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Тарифтер

Жүктерді, жолаушыларды, багажды тасымалдауға және тасымалдауларға байланысты қызмет көрсетуге, оның ішінде аралас тасымалдар кезінде тасымалдаушылар және көлік кәсіпорындары қызметін қамтамасыз ететін ерікті (шарттық) тарифтер (осы Заңның 9-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа) белгіленеді.

Көлік қызметтерінің жеке түрлері бойынша мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүргізу құралы немесе көлік саласындағы монополистік қызметті жою құралы ретінде Қазақстан Республикасы заңдары анықтайтын тәртіпте реттеліп отыратын (мемлекет шегінде бірыңғай) тарифтер белгіленуі мүмкін.

Әскери жүктерді республикаішілік тасымалдауға әскери тарифтер қолданылады, ал әскери жүктерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тасымалдауға Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес тарифтер қолданылады.

Әскери жолаушыларды және багажбен және жүк-багажбен тасымалданатын әскери жүктерді көлік түрлерінде тасымалдау жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдауға қолданылатын тарифтер бойынша орындалады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338; 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы :

- "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсатқа ие болуға;

- клиентпен белгіленген нысанда шарт (келісім-шарт) жасасуға;

- сәйкестікті растау саласындағы құжаттары бар көлік құралдарын беруге;

- клиентке және үшінші тұлғаға келтірген зияндарды, оның ішінде зая жіберген уақытты ақшалай тепе-тең өтеуге;

- жолаушы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оған қажетті қолайлы және қызмет көрсету жағдайларын жасауға, ал жолаушы теңдеме жүгін өткізген ретте, оның теңдеме жүгінің дер кезінде тасымалдануы мен сақталуын қамтамасыз етуге;

- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

- көлік қызметтері нарығында клиентке таңдау еркіндігін қамтамасыз етуге;

- жөнелтілетін жүктің өз сертификатына сәйкес келуін растайтын құжаттарды алуға;

- арнайы және әскери тасымалдауларды жүзеге асыруға өздерінің құзыреттері шегінде мемлекеттік органдардың талаптарын орындауға (бұл тасымалдауларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен өтеледі);

- Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде белгіленген тәртіппен өзінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;

мүгедектігі бар адамдарға жолаушылар тасымалдарының, тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, оларға тасымалдау бойынша қызметтерді көрсету кезінде қажетті қолайлылық пен жағдайлар жасауға;

- әскери жолаушылар тасымалын орындау мақсатында, көлік түрлеріне ақысы нақты пайдаланылғаны үшін алынатын броньға қойылған орындар бөлуге міндетті.

Мемлекеттік органдар жолаушыларды тасымалдау жөніндегі маршруттарға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізген кезде, мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуіне ыңғайластырылған көлік құралдары бар адамдар артықшылыққа ие болады.

Тасымалдаушының, реттелетін тарифтер белгіленген жағдайларды қоспағанда, баға белгілеу ережелеріне сәйкес тасымалдау бағасын еркін белгілеу құқығы бар.

Тасымалдаушы, Қазақстан Республикасының көлік туралы заң актілерінде көзделгендерден өзге реттерде, заңды және жеке тұлғаларға тасымалдаудан бас тартуға құқылы емес.

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көлік-экспедиция қызметтерін жүзеге асыру кезінде клиенттің:

- өзі мен тасымалдаушы арасында жасалған шарттың орындалуын талап етуге;

- тасымалдау сапасы деңгейі оның сертификатына сай келуіне белгіленген тәртіппен дауласуға;

- келтірілген зиянның, соның ішінде босқа кеткен уақыттың ақшалай өтелуін талап етуге құқығы бар.

Клиент:

- тасымалдаушымен жасалған шарттың ережелерін сақтауға;

- жүктің өз сертификатына сай келуін растайтын құжатты тасымалдаушыға беруге;

- тасымалдау ережелерін орындауға;
- жүк пен теңдеме жүкті тасымалдауға дайын күйінде табыс етуге міндетті.

Жолаушы тасымалдау қағидаларында белгіленген уақыттан кешікпей тасымалдау басталғанға дейін жөнелту пунктіне келуге міндетті. Жөнелту пунктіне келу уақыты билетте көрсетіледі.

Клиент пен тасымалдаушының жекелеген құқықтары мен міндеттері тараптардың келісімімен тасымалдау шартында белгіленеді.

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, көлік-экспедициялық операцияларды жүзеге асыру шарттары, тараптардың тасымалдау және көлік-экспедициялық операциялар жөніндегі жауапкершілігі нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ тасымалдау шарттарымен белгіленеді.

Қалалық рельсті көлік болған кезде жергілікті атқарушы орган Қалалық рельсті көлікпен жолаушылар тасымалдау қағидаларын бекітеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338, 2003.05.08 № 414, 2006.12.29 № 209; 04.07.2013 № 132-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 494-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Аралас тасымал

Теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігі көліктік логистика қағидаттарын қолдана отырып және көлік инфрақұрылымын пайдалана отырып аралас тасымалдар жүйесін құрайды.

Клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы), аралас тасымалдар операторы мен әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдаушылар аралас тасымалдарға қатысушылар болып табылады.

Аралас тасымалдарды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары, аралас тасымалдар шарттарын жасасудың және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимылдың негізгі ережелері мен тәртібі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін аралас тасымалдар қағидаларымен белгіленеді.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-1-бап. Аралас тасымалдар шарты

1. Аралас тасымалдар шарты мыналарды:

- 1) клиенттің (жүк жөнелтушінің, жүк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының) және аралас тасымалдар операторының құқықтары мен міндеттерін;
- 2) клиенттің (жүк жөнелтушінің, жүк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының) және аралас тасымалдар операторының жауапкершілігін;
- 3) бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатын (бірыңғай коносаментті) толтыру тәртібін;
- 4) жеткізу мерзімі мен шарттарын;
- 5) межелі пункттерді;
- 6) жүктердің көлемін;
- 7) төлем құны мен тәртібін қамтуға тиіс.

Аралас тасымалдар шарты аралас тасымалды ұйымдастырудың осы Заңда және аралас тасымалдар қағидаларында көзделмеген өзге де талаптарын қамтуы мүмкін.

2. Аралас тасымалдар операторының:

1) өзінің қасиеттері, салмағы мен габариттік параметрлері бойынша аралас тасымал шартында көрсетілген жүк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті аралас тасымалдаудан бас тартуға;

2) клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) көрсеткен жаңа межелі пунктке еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, аралас тасымалдаудан бас тартуға және жүк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар ете отырып, жүкті оған қайтаруға құқығы бар. Бұл ретте аралас тасымалдар операторының қосымша шығыстарын, егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк жөнелтуші (жүкті алушы) төлейді;

3) клиенттен (жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан, жолаушыдан, кемемен жалданушыдан) аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауды талап етуге құқығы бар.

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар шартында белгіленген өзге де құқықтары бар.

3. Аралас тасымалдар операторы:

- 1) белгіленген мерзімде жүкті қабылдауға;
- 2) жүкті жөнелту пунктінен межелі пунктке әртүрлі көлік түрлерін пайдалана отырып тасымалдауды ұйымдастыруға;
- 3) тасымалдаудың әрбір кезеңінде жүктің қозғалысына мониторингті қамтамасыз етуге;
- 4) бүкіл қозғалыс жолында жүктің сақталуын қамтамасыз етуге;

5) жүктің белгіленген мерзімде жеткізілуін қамтамасыз етуге;

6) жүкті алуға уәкілетті адамға (жүк алушыға) жүкті беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Аралас тасымалдар операторы Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар шартында белгіленген өзге де міндеттер атқарады.

4. Клиенттің (жүк жөнелтушінің, жүк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының):

1) мәлімделген жүкті тасымалдау үшін қозғалыс маршруты, көліктің құрамы мен түрлері туралы ақпарат алуға;

2) аралас тасымалдар операторынан аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

3) жазбаша құжаттық дәлелдемелерді көрсеткен жағдайда, аралас тасымалдар кезінде келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқығы бар.

Клиенттің (жүк жөнелтушінің, жүк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының) Қазақстан Республикасының заңдарына және аралас тасымалдар шартына сәйкес өзге де құқықтары бар.

5. Клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы):

1) аралас тасымал шартында көрсетілген мерзімге сәйкес аралас тасымалдар операторына жүкті беруге;

2) аралас тасымалдар операторына аралас тасымал шартында айтылған барлық тиесілі төлемдерді төлеуге міндетті.

Ескерту. 3-бөлім 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-2-бап. Аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты

1. Аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты:

1) аралас тасымал кезінде тартылған аралас тасымалдар операторы мен тасымалдаушылардың құқықтары мен міндеттерін;

2) аралас тасымалды жүзеге асыру талаптары мен тәртібін;

3) төлем құны мен тәртібін;

4) тасымалдаушылардың өзара іс-қимыл жасау және жүкті көлік құралының бір түрінен екінші түріне ауыстырып тиеу тәртібін;

5) бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатын (бірыңғай коносаментті) толтыру тәртібін;

6) жеткізу мерзімі мен талаптарын қамтуға тиіс.

Аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты аралас тасымалды ұйымдастырудың осы Заңда және аралас тасымалдар қағидаларында көзделмеген өзге де талаптарын қамтуы мүмкін.

2. Аралас тасымалдар операторының:

1) егер тасымалдаушының көлік құралы өзінің қасиеттері, салмағы мен габариттік параметрлері бойынша аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында көрсетілген жүк параметрлеріне сәйкес келмейтін болса, тасымалдаушыға жүкті аралас тасымалдаудан бас тартуға;

2) клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) көрсеткен жаңа межелі пунктке еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, аралас тасымалдаудан бас тартуға және жүк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар ете отырып, жүкті оған қайтаруды қамтамасыз етуге құқығы бар. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының қосымша шығыстарын аралас тасымалдар операторы өтейді;

3) тасымалдаушыдан аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге;

4) жазбаша құжаттық дәлелдемелерді көрсеткен жағдайда, аралас тасымал кезінде келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқығы бар.

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген өзге де құқықтары болады.

3. Аралас тасымалдар операторы белгіленген мерзімде жүкті тасымалдаушыға беруге міндетті.

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген өзге де міндеттері болады.

4. Аралас тасымал тасымалдаушысының:

1) өзінің қасиеттері, салмағы мен габариттік параметрлері бойынша аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында көрсетілген жүк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті аралас тасымалдаудан бас тартуға;

2) егер жүкті одан әрі тасымалдау жүкті тасымалдау қауіпсіздігіне және оның сақталуына қатер төндірсе, жүкті түсіріп тастауға құқығы бар.

Аралас тасымал тасымалдаушысының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген өзге де құқықтары болады.

5. Аралас тасымал тасымалдаушысы:

1) жүктерді тасымалдау қауіпсіздігіне және қозғалыс барысындағы өз бөлігінде жүктің сақталуына төнген қатер туралы аралас тасымалдар операторын дереу хабардар етуге, бұл ретте аралас тасымалдар операторынан алынған нұсқауларды сақтауға, сондай-ақ жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін және жүктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өзі жасаған іс-қимылдар туралы дереу хабардар етуге;

2) жүкті қабылдау кезінде бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатындағы (бірыңғай коносаменттегі) жүкке және оның орамасына қатысты жазбалардың дәлдігін тексеруге;

3) көлік құралына тиеудің белгіленген нормаларын сақтау, жүкті тасымалдауды орындау қауіпсіздігін және жүктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүктің қатталуы мен бекітілуін бақылауға;

4) аралас тасымалдар операторына мәлімделген жүкті тасымалдау үшін қозғалыс маршруты, көліктің құрамы мен түрлері туралы ақпарат беруге;

5) операторға жүкті тасымалдаудың тиісті учаскесінде тұрған жерін қадағалауға мүмкіндік беруге;

6) жүкті аралас тасымал кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген мерзімде аралас тасымалдаудың келесі тасымалдаушысына немесе жүкті қабылдап алуға уәкілетті адамға (жүкті алушыға) беруге міндетті.

Аралас тасымал тасымалдаушысы Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартында белгіленген өзге де міндеттер атқарады.

Ескерту. 3-бөлім 12-2-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-3-бап. Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент)

Қызмет көрсету және аралас тасымалдар шартының талаптарын орындау бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатымен (бірыңғай коносаментпен) куәландырылады, онда аралас тасымалдар операторы мен жүк тасымалдаушылардың жүкті аралас тасымалдар шартының талаптарына және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимыл шартына сәйкес оны межелі пунктке дейін жеткізу үшін өз иелігіне қабылдағаны расталады.

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжатының (бірыңғай коносаменттің) нысаны және оны толтыру тәртібі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін аралас тасымалдар қағидаларында белгіленеді.

Халықаралық аралас тасымалдар кезінде халықаралық ұйымдар қабылдаған халықаралық үлгідегі бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) қолданылады.

Ескерту. 3-бөлім 12-3-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Жолаушылар құқықтары. Жолаушылардың жекелеген санаттарының жолақысын төлеу жөніндегі жеңілдіктер

Жолаушының мынадай құқықтары бар:

- кез келген көлік түріне және жолаушылар тасымалы үшін ашық кез келген бағытына билет сатып алуға;

- сатып алған билетіне сәйкес орын алуға;
- әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде, өзімен бірге 7 жасқа дейінгі, ал халықаралық тасымалда 5 жасқа дейінгі бір баланы темір жол, теңіз және ішкі су жолы көліктерінде, қалааралық автобустарда, сондай-ақ таксиден басқа, қалалық және қала маңындағы көлікте балаға жеке орын берілмей тегін алып жүруге;
- әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде, билеттің толық құнының 50 процентін төлей отырып, халықаралық тасымалда 5 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға;
- Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде, әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде билеттің толық құнының 50 процентін төлей отырып, 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға;
- өзімен бірге 2 жасқа дейінгі бір баланы әуе көлігінде, оған жеке орын бермей тегін алып жүруге;
- халықаралық тасымалдарды қоспағанда, әуе көлігінде қалыпты тарифтің 50 пайызын төлей отырып, 2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билеттер, сатып алуға;
- Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын халықаралық тасымалдауларда әуе көлігінде қалыпты тарифтің 50 пайызын төлей отырып, 2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер, сатып алуға.

Егер тасымалдауды Қазақстан Республикасы тасымалдаушысының қатысуымен әртүрлі мемлекеттердің бірнеше тасымалдаушысы жүзеге асыратын болса, бұл құқық жолаушыларға оларды Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы тасымалдаған кезде беріледі:

- жолда аялдаған кезде қалалық және қала маңындағы көліктен басқа, барлық көлік түріне билеттің күшін 10 тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Тасымалдаушы жолда аялдаған кезде билеттің қолданылу мерзімін ұлғайтуға құқылы;
- көлік қызметін көрсететін кез келген тасымалдаушы мекемеге билетті тасымалдау басталғанға дейін өткізуге және тасымалдау үшін төленген соманы қайтарып алуға құқығы бар. Қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Қалалық және қала маңындағы автобус тасымалдарында тегін алып жүретін қол жүгі мен багаждың салмағы 20 килограмнан аспайтын болып белгіленеді.

Әуе көлігінде тегін алып жүретін қол жүгі мен багаждың салмағын, габариттерін, нормаларын тасымалдаушы белгілейді.

Темір жол, теңіз, ішкі су жолы көліктерінде, сондай-ақ қалааралық автобустарда тегін алып жүретін қол жүгі мен теңдеме жүк салмағы 35 килограмнан аспайтын болып белгіленеді.

Тасымалдаушылар көліктің барлық түрінде тегін тасымалданатын теңдеме жүктің салмағын арттыруға және басқа жеңілдіктер белгілеуге.

Тасымалдау жұмысын жалғастырудан бас тартқан тасымалдаушы жолаушыны межелі жеріне дейін өз есебінен жеткізіп салуға немесе тасымалдау шартының бұзылуы салдарынан жолаушыға келтірілген залалды түгелдей өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы заңдарымен, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдерімен жеңілдіктер белгіленген жағдайда тасымалдаушылар жолаушылардың жекелеген санаттарын тегін тасымалдауға немесе оларға жолақысын төлеу жөнінде өзге де жеңілдіктер беруге міндетті.

Қазақстан Республикасының заңдарында, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдерінде адамдардың жекелеген санаттары үшін тегін жол жүру құқығын қоса алғанда, көлік қызметтеріне жеңілдіктер белгіленген кезде жергілікті өкілді және атқарушы органдар қаржыландыру көзін айқындайды, бұл ретте жергілікті атқарушы органдар тасымалдаушылармен шарт жасасады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338, 2005.09.29 № 77 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 № 340-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.07.2025 № 213-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Заңдарымен.**

14-бап. Жолаушылар мен жүктерді транзиттік тасымалдау

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жолаушылар мен жүктерді транзиттік тасымалдау:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, халықаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес теміржол, әуе, автомобиль, теңіз және ішкі су көліктерімен мемлекетаралық қатынастар үшін ашылған жол трассалар мен су жолдары арқылы жүзеге асырылады.

4 бөлім. Көліктегі қауіпсіздік, энергия тиімділігі және жауапкершілік

Ескерту. 4-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Заңымен.**

15-бап. Көлік құралдарына қойылатын талаптар

Көлік құралдары көлік саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген энергия тиімділігі, адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған ортаның қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сәйкес келуге, сәйкестікті растау саласындағы құжаты болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

Көлік құралдарының сәйкестігін растау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралдары әкелінбеуге, сатылмауға және пайдаланылмауға тиіс.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.29 № 209, 2012.01.13 № 542-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-1-бап. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу

Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Ескерту. 4-бөлім 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-2-бап. Көлік-логистика орталықтары

1. Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын операцияларға байланысты халықаралық және өңірлік көлік-логистика орталықтары құрылуы мүмкін.

Халықаралық көлік-логистика орталықтары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын операцияларды орындауға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік және шекаралық операцияларды қоса алғанда, қарап-тексеруге арналған.

Өңірлік көлік-логистика орталықтары Еуразиялық экономикалық одақ шегінде жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын операцияларды орындауға арналған.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптарды әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 4-бөлім 15-2-баппен толықтырылды - ҚР 10.11.2014 № 249-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Көлік құралдарын басқару құқығы

Көлік құралдарын басқару құқығы тиісті біліктілігі бар және денсаулығы туралы медициналық куәландырудан өтіп, белгіленген үлгідегі құжаттар тапсырылған адамға беріледі.

Көлік құралдарын басқару жөніндегі біліктілік талаптары және олардың басқаруға денсаулық жағдайының жарамдылығын бағалау өлшемдері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен анықталады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338 Заңымен.

16-1-бап. Пилотсыз көлік құралдары

Пилотсыз көлік құралдары пилотсыз көлік құралдарын пайдалану аймақтарында пайдаланылады.

Пилотсыз көлік құралдарын пайдалану үшін пилотсыз көлік жүйесі енгізіледі.

Пилотсыз көлік құралдары түрлеріне қарай уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген талаптарға сәйкес келген жағдайда оларды пилотсыз көлік құралының қашықтағы операторы басқарады.

Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде пилотсыз көлік құралдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және цифрландыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 16-1-баппен толықтырылды – ҚР 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Тасымалдаушының және аралас тасымалдарға қатысушылардың жауапкершілігі

Тасымалдаушының жолаушылармен және жүк иелерімен, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторының клиентпен (жүк жөнелтушімен, жүк алушымен, жолаушымен, кемемен жалданушымен), тасымалдаушының аралас тасымалдар операторымен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою туралы жасасқан келісімдерінің, жүк тасымалдары кезінде осындай келісімдер жасасу мүмкіндігі оларда көзделген жағдайларды қоспағанда, күші болмайды.

Тасымалдаушы жүктің, багаждың және пошта жөнелтілімдерінің тасымалдауға қабылданған кезінен бастап алушыға берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

Егер тасымалдаушы жүктің немесе багаждың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, ол жүктің немесе багаждың жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені үшін жауап береді.

Аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы, егер жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі, сондай-ақ жүкті жеткізіп берудің кешіктірілуі өз кінәсінен

болмағанын дәлелдей алмаса, ол жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені, жеткізіп берудің кешіктірілгені үшін, сондай-ақ шарттың орындалуына тартылған өз жұмыскерлерінің немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері және қателіктері үшін клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

Аралас тасымалға қатысатын тасымалдаушы, егер жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі, сондай-ақ жүкті жеткізіп берудің кешіктірілуі өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүкті тасымалдауға қабылдаған кезден бастап басқа тасымалдаушыға берген немесе клиентке (жүк жөнелтушіге, жүк алушыға, жолаушыға, кемемен жалданушыға) тапсырған кезге дейін ол жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені, жүкті жеткізіп берудің кешіктірілгені үшін аралас тасымалдар операторы алдында жауаптылықта болады.

Жүкті немесе багажды тасымалдау кезінде келтірілген залал:

1) жүк немесе багаж жоғалған немесе жетіспеген жағдайда – жоғалған немесе жетіспеген жүктің немесе багаждың құны мөлшерінде;

2) жүк немесе багаж бүлінген (бұзылған) жағдайда – олардың құны төмендеген сома мөлшерінде, ал бүлінген жүкті немесе багажды қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда – олардың құны мөлшерінде;

3) құндылығы жарияланып, тасымалдауға тапсырылған жүк немесе багаж жоғалған жағдайда – жүктің немесе багаждың жарияланған құны мөлшерінде өтеледі.

Жүктің немесе багаждың құны уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін қағидалар (әдістеме) бойынша тасымалдау және көлік түрлеріне байланысты немесе Қазақстан Республикасы жасаған тиісті халықаралық шарттардың қағидаттары негізінде белгіленетін бағасы негізге алына отырып айқындалады.

Жүктің немесе багаждың сақталмауының себептері туралы тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы немесе аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушы біржақты тәртіппен жасаған құжаттар (коммерциялық акт, жалпы нысандағы акт және өзге де құжаттар), дау туған жағдайда, жүк немесе багаж тасымалдаушының, жөнелтушінің не алушының жауапкершілігіне негіз болуы мүмкін мән-жайларды куәландыратын басқа құжаттармен бірге соттың бағалауына жатады.

Егер тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде – аралас тасымалдар операторы және аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушы жауап беретін жүк немесе багаж сапасының бүлінуі салдарынан мүлдем өзгеріп, ол тікелей мақсатына қарай пайдаланыла алмайтындай болып қалса, жүкті немесе багажды алушы одан бас тартуға және оны жоғалтқаны үшін өтем талап етуге құқылы.

Жүк немесе багаж жоғалған не толық жетіспеген жағдайларда – тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы – клиентке (жүк жөнелтушіге,

жүк алушыға, жолаушыға, кемемен жалданушыға) және аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушы – аралас тасымалдар операторына өтем төлей отырып, жоғалған жүкті немесе багажды тасымалдағаны үшін ақыны қайтарып береді.

Егер тіркелген багажды немесе жүкті тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде – аралас тасымалдар операторы және аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушы жоғалды деп мойындаса немесе, егер осы багаж не жүк жеткізу мерзімі өткеннен кейін жеті күн ішінде межелі пунктке келіп жетпесе, олар жоғалды деп есептеледі.

Алайда, егер багаж немесе жүк көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп жеткен болса, жүк алушы жүкті қабылдауға және багажды немесе жүкті жоғалтқаны үшін тасымалдаушы төлеген соманы қайтарып беруге құқылы, ал аралас тасымалдар кезінде багажды немесе жүкті жоғалтқаны үшін соманы клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) – аралас тасымалдар операторына, аралас тасымалдар операторы – тасымалдаушыға қайтарып беруі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңдарында тасымалдаушы және аралас тасымалдарға қатысушылар жауапкершілігінің өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-1-бап. Жүктерді және жолаушыларды тасымалдау бойынша талап қою мен талап-арыз беру

Тасымалдаушыға, ал аралас тасымалдар кезінде – аралас тасымалдар операторына немесе аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушыға тасымалға байланысты дау жөнінде талап қою берілгенге дейін оған міндетті түрде кінәрат қойылады.

Талап үш айдың ішінде, ал айыппұлдар мен өсім төлеу туралы талап бір айдың ішінде қойылуы мүмкін.

Егер қойылған талап қабылданбаса немесе жауап осы бапта белгіленген мерзімде алынбаса, мәлімдеушінің талап-арыз беру құқығы пайда болады.

Жүкті және (немесе) жолаушыларды тасымалдаудан туындайтын талаптар бойынша талап-арыз беру мерзімі заңдарда белгіленген тәртіппен реттеледі.

Халықаралық тасымалдауға байланысты даулар бойынша талап-арыз беру мерзімі және талап-арыз беру тәртібі халықаралық шарттарда, келісімдерде немесе конвенцияларда белгіленеді.

Ескерту. 17-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338, 2001.12.06. № 260; 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Жолаушыны, жүк пен теңдеме жүкті жеткізу мерзімі және мерзімін өткізгені үшін жауапкершілік

Тасымалдаушы жүкті немесе теңдеме жүкті уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Жүк және теңдеме жүк тасымалдау ережелерімен анықталған мерзімде тиісті жеріне жеткізуге міндетті. Егер жеткізу мерзімі белгіленген тәртіпте анықталмаған болса, тараптар бұл мерзімді шартта белгілеуге құқылы.

Аралас тасымалдар кезінде – аралас тасымалдар операторы және аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушы жүкті аралас тасымалдар және аралас тасымал кезінде өзара іс-қимыл жасасу шарттарында белгіленген мерзімде межелі пунктке жеткізуге міндетті.

Егер осы баптың бесінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының кінәсінен жолаушы тасымалы кідірген жағдайда тасымалдаушы, егер зиян келтірілген болса, жолаушыға оны өтеумен бірге, кідірістің әрбір сағаты үшін билет құнының 3 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

Егер осы баптың алтыншы бөлігінде өзгеше көзделмесе, жолаушы өндіріп алған айыппұлдың сомасы сатып алынған билеттің құнынан аспауға тиіс.

Әуе көлігінің тасымалдаушысы жолаушыны межелі пунктіне жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін, егер мерзімін өткізіп алу еңсерілмейтін күш салдарынан орын алғанын дәлелдей алмаса, жолаушы шеккен шығынды өтеуден басқа, егер бұл осындай мерзімін өткізіп алуға байланысты орын алған болса, мерзімін өткізіп алған әрбір сағат үшін тариф (мерзімін өткізіп алу орын алған ұшу учаскесі тарифі) құнының үш пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

Айыппұл сомасын сатып алынған тариф (мерзімін өткізіп алу орын алған ұшу учаскесі тарифі) құнынан асыруға болмайды.

Теңдеме жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы теңдеме жүкті алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақының 10 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақының 50 процентінен аспауға тиіс.

Жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы жүкті алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақының 5 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақының 50 процентінен аспауға тиіс.

Аралас тасымал кезінде жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы – аралас тасымалдар операторына, ал аралас тасымалдар операторы клиентке (жүк жөнелтушіге, жүк алушыға, жолаушыға, кемемен жалданушыға) кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымалдау үшін төленген ақының бес пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленген ақының елу пайызынан аспауға тиіс.

Тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде – аралас тасымалдар операторы мен аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушы, егер жүкті немесе багажды жеткізіп берудің кешіктірілуі олардың кінәсінен болмаса, кешіктіру жауапкершілігінен босатылады.

Тасымалдаушы, ал аралас тасымалдар кезінде аралас тасымалдар операторы тасымалдың кідіруіне байланысты, егер мұндай жағдай орын алған болса, багажды немесе жүкті жөнелтушіде немесе алушыда туындаған зиян үшін жауаптылықта болады.

Егер осы баптың он үшінші бөлігінде және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, тасымалдаушы рейстер сегіз және одан да көп сағатқа кешіктірілген кезде жолаушыларға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың мұқтажын ескере отырып, өз есебінен қонақүйден орын және тамақ беруге міндетті.

Әуе көлігінің тасымалдаушысы өз кінәсінен немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейс мәртебесі өзгерген кезде жолаушыларға қонақүйде орналастыру, тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзге де көрсетілетін қызметтерді өз есебінен ұсынуға міндетті.

Жолаушының өтініші бойынша оған тасымалдың кідіру себебі туралы ресми құжат беріледі немесе билетіне белгі соғылады.

Осы бапта көзделген зиянның мөлшері және оларды айқындау тәртібі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін жүк және багаж тасымалдау қағидаларында және аралас тасымалдар қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338; 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

19-бап. Жолаушының, жүк немесе теңдеме жүк жөнелтуші мен алушының жауапкершілігі

Жолаушылар, жүк немесе теңдеме жүк жөнелтуші мен алушы өздерінің кінәсінен басқа адамдарға, тасымалдаушының мүлкіне және тасымалдаушы жауап беретін басқа адамдардың мүлкіне келтірген зияны үшін жауапты болады.

Жүк жөнелтуші көлік құжаттарында көрсетілген мағлұматтардың дұрыс болмауына , дәл болмауына немесе толық болмауына байланысты тасымалдаушыға немесе тасымалдаушы жауап беретін басқа адамға келтірген зияны үшін жауапты болады.

Жүк жөнелтуші көлік құжаттарында көрсетілген мағлұматтардың дәл болмауына, толық болмауына немесе дұрыс болмауына байланысты барлық зиян үшін тасымалдаушының алдында жауапты болады.

20-бап. Тасымалдаушының жолаушыны өлімге ұшыратқаны немесе оның денсаулығын зақымдағаны үшін жауапкершілігі

Тасымалдау кезінде жолаушыны өлімге ұшыратуы немесе денсаулығының зақымдануы салдарынан болған зиян үшін, егер бұл зиян зардап шегушінің теріс ниеті немесе дүлей күш салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, тасымалдаушыға мүлдіктік жауапкершілік жүктеледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

21-бап. Көлік жүктері мен объектілерін күзету

Ескерту. 21-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Теміржол, әуе көлігінде көлік жүктері мен объектілерін күзетуді әскерилендірілген күзет қызметтері жүзеге асырады.

Әскерилендірілген күзет қызметінің бөлімдері атыс қаруымен және арнайы құралдармен қамтамасыз етіледі.

Қару мен арнайы құралдарды қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Көліктің неғұрлым маңызды объектілері мен арнайы жүктерді күзетуді Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімшелері, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы бөлімшелері, сондай-ақ әскерилендірілген күзеттің арнаулы қызметтері жүзеге асырады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338, 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Төтенше жағдайлар кезінде көлік жұмысын ұйымдастыру

Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, төтенше жағдай енгізген кезде төтенше жағдайларды және олардың зардаптарын жою үшін көлік кәсіпорындарының шарттық қатынастары Қазақстан Республикасы Үкіметінің, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның шешімімен тоқтатыла тұруы мүмкін.

Көлік кәсіпорындары әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі кезінде көлік жұмысын ұйымдастыру үшін көлік құралдарының иелеріне бірінші кезекте қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдай енгізілген кезде көлік кәсіпорындарының жұмылдыру дайындығы іс-шараларын, азаматтық қорғаныс және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстар жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етумен байланысты тасымалдарды жүзеге асыру бойынша шығыстары Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражатынан өтеледі.

Көлік кәсіпорындары дүлей зілзалалар мен авариялардың, сондай-ақ төтенше сипатқа ие өзге де мән-жайлардың зардаптарын жою жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-1- Көлікті беру міндеті

Ескерту. 22-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жеке және заңды тұлғалар (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының оқиғалар, төтенше жағдайлар болған жерлерге бару және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін көлікті пайдалану жөніндегі заңды талаптарын орындауға міндетті.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда көлік құралдары иелеріне олардың көлігін пайдаланғаны үшін шығыстар, сондай-ақ келтірілген залал Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі.

Жеке және заңды тұлғалардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін көлікті (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) беруі, сондай-ақ көлікті пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Көлікте қауіпсіздікті және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету

Тасымалдаушылар азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, көлік құралдары қозғалысының, кеме қатынасы мен ұшу қауіпсіздігін, сондай-ақ айналадағы ортаны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Көлік құралдарының қозғалысы және тиеу-түсіру жұмыстары жүзеге асырылатын метрополитеннің, станциялардың, порттардың, кемежайлардың, әуежайлардың, көлік кәсіпорындары мен теміржол желілерінің аумақтары, сондай-ақ су жолдары қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады. Қауіптілігі жоғары аймақта болу және онда жұмыстар жүргізу қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тізбе бойынша қауіпті жүктерді күзету мен алып жүруді бүкіл жүру жолында жүкті жөнелтушілер немесе алушылар қамтамасыз етеді.

Жарылғыш, тез тұтанғыш, радиоактивті, улы және басқа қауіпті жүктерді жөнелтуші және алушы клиенттер оларды тасымалдау қауіпсіздігіне кепілдік беруге, жүктерді тасымалдау кезінде апат жағдайларынан алдын-ала сақтандыруға, сондай-ақ авариялар зардаптарын жоюға қажетті құралдар мен жедел қимылдайтын бөлімдерді ұстауға міндетті.

Көлік, оның ішінде Қазақстан аумағында орналасқан немесе оны кесіп өтетін шетел көліктері мен көлік құралдары қызметі процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар сақталуға тиіс.

Айрықша жағдайларда бұларға геология мен жер қойнауын қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органының рұқсаты бойынша жол беріледі.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар табиғат қорғау шараларын жоспарлауға, ұйымдастыруға және қаржыландыруға, айналадағы табиғи орта мен жер қойнауын қорғау саласында өндірістік және ведомстволық бақылау жасауға міндетті.

Тасымалдаушылар айналадағы ортаны, әуе бассейнін, су қоймаларын, жерді қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөнінде белгіленген нормалардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Айналадағы ортаға келтірілген зиян үшін тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жауапты болады.

Метрополитеннің, жеңіл рельсті көліктің қауіптілігі жоғары аймағында болу және онда жұмыстар жүргізу қағидаларын жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.28 № 338; 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.12.29 № 209; 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2026 № 326-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-1-бап. Қатынас жолдарын техникалық жабу

1. Қатынас жолдарын техникалық жабу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен орындалады.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды жою мақсатында мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттері шегінде қатынас жолдарын техникалық жабу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

3. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген көлік инфрақұрылымы объектілерін меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде иеленетін мемлекеттік органдар немесе тұлғалар құзыреттері шегінде қатынас жолдарын техникалық жабуды жоспарлауға, қамтамасыз етуге және жүргізуге міндетті. Бұл ретте қатынас жолдарын техникалық жабуды қаржыландыру жұмылдыру дайындығын, жұмылдыру органдарын және жұмылдыруды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Уәкілетті мемлекеттік орган сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, бейбіт уақытта және соғыс уақытында көлік инфрақұрылымы объектілерін салу және қалпына келтіру үшін техникалық құжаттаманы, жобалау құжаттамасын, негіздеуші материалдарды және қажетті материалдарды жинақтауды қамтамасыз етеді.

5. Магистральдық жолдар, халықаралық, республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдары, оларда орналасқан көпірлер мен тоннельдер, теміржол тораптары, кеме қатынасы үшін пайдаланылатын порттар, гидротехникалық құрылысжайлар мен су шаруашылығы құрылысжайлары және ішкі су жолдарында орналасқан шлюздер, әуеайлақтар, магистральдық құбыржол техникалық жабуға жатады.

Ескертпе:

1) жұмыс істеуін қамтамасыз ету және қирап-бұзылғанынан кейін тез қалпына келтіру мақсатында қатынас жолдарында бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін арнаулы іс-шаралар кешені техникалық жабу деп түсініледі;

2) көлік құралдарын (әуе кемелерін) қабылдау мен жөнелтуді, жөнелту пункті мен межелі пункт арасында адамдар мен жүктердің өтуін қамтамасыз ететін жолдар (

автомобиль жолдары, теміржолдар мен су жолдары, әуе трассалары), құрылысжайлар мен олардағы құрылғылар қатынас жолдары деп түсініледі;

3) сұрыптау, жүк және жолаушылар станцияларының техникалық құрылысжайлары мен құрылғылары, станциялар арасындағы жалғайтын жолдар, айналма жолдар, жолаушыларға арналған станциялық құрылысжайлар, деполар, теміржол құрамын жөндеуге және жарақтауға арналған техникалық станциялар кешенін білдіретін бірнеше теміржол желісі тоғысқан пункт теміржол тораптары деп түсініледі.

Ескерту. 23-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Алып тасталды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

24-1-бап. Тексеріп қарау

1. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қатер деңгейіне байланысты, жолаушылар және көлік инфрақұрылымы объектілеріне келетін адамдар, олардың алып жүретін заттары, оның ішінде қол жүгі мен багажы тексеріп қарауға жатады.

Жолаушыларды және көлік инфрақұрылымы объектілеріне келетін адамдарды, олардың алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын жете тексеруді жүргізудің тәртібі мен талаптарын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

1-1. Азаматтық авиация саласындағы көлік инфрақұрылымының объектілеріне келетін жолаушылар мен адамдарды жете тексеру Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жолаушыларды және көлік инфрақұрылымы объектілеріне келетін адамдарды (бұдан әрі – келушілерді), олардың алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарауды көлік қызметі субъектісінің қызметкерлері не күзет қызметтерін көрсету жөнінде шарт жасасқан кезде күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері жүргізеді.

Осы баптың мақсаттары үшін көлік қызметінің субъектілері деп көлік инфрақұрылымы объектілері меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде болатын жеке және заңды тұлғалар түсініледі.

3. Жете тексеру кезінде техникалық құралдар қолданылады, оларға қойылатын талаптарды уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

4. Жолаушылар мен келушілерді, олардың алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарау алдында көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған, болуы ықтимал заттар мен құралдарды көрсету міндетті түрде ұсынылады.

5. Техникалық тексеріп қарау құралдарымен көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен құралдардың болу мүмкіндігінің контурлары және өзге де белгілері табылған кезде, жолаушылар мен келушілердің алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарауды қоса алғанда, оларды жеке тексеріп қарау жүргізіледі.

Жеке тексеріп қарау көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен құралдарды табу үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады.

Жеке тексеріп қарауды тексеріп қаралатын адаммен жынысы бір адамдар санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалардың талаптарына жауап беретін арнайы бөлінген үй-жайларда жүргізеді.

Бір үй-жайда бір мезгілде бірнеше адамды жеке тексеріп қарауға тыйым салынады.

Жеке тексеріп қараудың нәтижелері тексеріп қарауды жүргізетін адам мен өзіне қатысты жеке тексеріп қарау жүргізілген адам қол қоятын актімен ресімделеді.

6. Тексеріп қараудан, жеке тексеріп қараудан жалтаратын адамдар көлік инфрақұрылымы объектілеріне жіберілмейді, бұл туралы тиісті акт жасалады.

7. Егер жолаушыны және оның алып жүретін заттарын, оның ішінде қол жүгі мен багажын тексеріп қарау кезінде көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен құралдар табылмаса, осындай тексеріп қарау жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектісінің әкімшілігі жолаушының оған билеті бар қатынаспен немесе кезекті осындай қатынаспен жөнелтілуін қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолдануға, ал жолаушы тасымалдаудан бас тартқан жағдайда, билеттің немесе оның пайдаланылмаған бөлігінің құнын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге міндетті.

8. Тексеріп қарауды жүргізетін адамдар жолаушылар мен келушілерге қатысты ізетті және сыпайы болуға және олардың қадір-қасиетін түсіретін іс-әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

9. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Жете тексеру жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің, өздеріне қатысты жете тексеру жүргізілмейтін адамдардың, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбелерін уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Ескерту. 4-бөлім 24-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (01.07.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.05.2017 № 64-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-2-бап. Ақпараттық қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының аумағына келетін (оның аумағынан кететін) немесе Қазақстан Республикасының аумағында ауысып мініп транзитпен жүретін жолаушыларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол (қала маңы қатынасынан және билет кассаларымен жабдықталмаған жерлерде жолаушыларды отырғызу жағдайларынан басқа), әуе және теңіз көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар, оның ішінде шетелдік тасымалдаушылар, сондай-ақ әуежайлардың пайдаланушылары цифрлық жүйелерден берілетін цифрлық ресурстарды қоса алғанда, уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді, сондай-ақ автоматтандырылған жүйелер мен дерекқор арқылы мәліметтерді нақты уақыт режимінде ұсынуды қамтамасыз етеді.

2. Уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерді беру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тасымалдауларға билеттерді ресімдеу кезінде билеттер сатуды жүзеге асыратын тасымалдаушы немесе өзге де адам мынадай деректерді:

1) тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде);

2) ол бойынша жол жүру құжаты (билет) сатып алынатын жеке басты куәландыратын құжаттың түрін және нөмірін;

3) жөнелту орны мен күнін, межеленген пунктті, жүру маршрутының түрін (ауысып мінбейтін, транзиттік);

4) билеттер сатуды жүзеге асыратын тасымалдаушы немесе өзге де адам осы жолаушымен байланыса алатын байланыс деректерін (электрондық почтасының мекенжайын және (немесе) телефон нөмірін) жолаушының келісімімен жазуды қамтамасыз етеді.

4. Билеттерді сатуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар оларды ресімдеу кезінде мәліметтердің "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде, ал халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде қосымша ағылшын тілінде толтырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 4-бөлім 24-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V (01.07.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5 бөлім. Қорытынды ережелер

25-бап. Көліктік бақылау және қадағалау

Көлік құралдарын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасының, қозғалыс қауіпсіздігі мен экология жөніндегі талаптардың сақталуына көліктік бақылауды және қадағалауды уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыратын көліктік бақылау:

1) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерінің сақталуын бақылауды;

1-1) мүгедектігі бар адамдарға жолаушылар тасымалдарының, тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімді болуының қамтамасыз етілуін, оларға тасымалдау бойынша қызметтерді көрсету кезінде қажетті қолайлылық пен жағдайлардың жасалуын бақылауды;

2) темір жол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, стансалық және кіре беріс темір жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды;

3) темір жол қозғалыс құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды;

4) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды және қадағалауды;

4-1 жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтауын бақылауды және қадағалауды, оларды бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдануды;

5) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының сақталуын бақылауды;

6) рұқсаттық бақылауды;

7) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) ішкі су жолдарында жүзу қағидаларының сақталуын бақылауды және қадағалауды;

10) техникалық пайдалану ережелері мен кемелердегі қызмет жарғысының сақталуын бақылауды және қадағалауды;

11) лоцмандық қызметті және өзге де теңіз қызметтерін бақылауды және қадағалауды;

12) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуын бақылауды және қадағалауды;

13) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының өтуін бақылауды;

15) автокөлік құралдарын жүргізушілердің жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауын бақылауды;

16) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналып рұқсат етілген параметрлерінің сақталуын бақылауды қамтиды.

17) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары көліктік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде нысанды киім (погонсыз) киіп, талап ету бойынша қызметтік куәліктерін не сәйкестендіру карталарын көрсетуге тиіс.

Нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.

Уәкілетті мемлекеттік орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау және қадағалау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласындағы қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне көліктік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда жәрдем көрсетуге міндетті;

18) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

19) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

20) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

21) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

22) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап

қолданысқа енгізіледі);

23) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

24) халықаралық әуе тасымалының жүзеге асырылуын бақылауды және қадағалауды;

25) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

26) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28) жеке және заңды тұлғалардың теміржол көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын сақтауын бақылауды, оларды бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдануды;

29) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30) жеке және заңды тұлғалардың қалалық рельсті көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын бақылауды, оларды бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдануды қамтиды.

Уәкілетті мемлекеттік орган жеке және заңды тұлғалардың қалалық рельсті көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру кезінде жай-күйі жол жүрісі қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сай келмейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата тұрады.

Қалалық рельсті көлікті күтіп-ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібін және қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-1-бап. Көлік саласындағы мемлекеттік бақылау

Ескерту. 25-1-бап алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-2-бап. Тексеру жүргізудің мерзімдері

Ескерту. 25-2-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

26-бап. Көлік саласындағы халықаралық қатынастар

Уәкілетті мемлекеттік орган көлік саласындағы мемлекетаралық қатынастарда келісімдер мен шарттар жасау құқығына ие бола отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен республиканың мүддесін білдіреді.

Тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес басқа мемлекеттердің заңды және жеке тұлғаларымен сыртқы экономиканы және ынтымақтастықты дамыта отырып, өнімдер (жұмыстар, қызметтер, экспортын (импортын) жүзеге асыра алады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*